

Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің
2024 жылғы «27» қыркүйектегі
№ 10 хаттамасына/шешіміне
№ 6 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің
2021 жылғы 18 наурыздағы №3 шешімімен бекітілген «Қазақстанның орнықтылық
қоры» акционерлік қоғамының Комплаенс-бақылаушысы туралы ережеге
толықтырулар**

1. 11-тармақ мынадай мазмұндағы 20-1) және 20-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«20-1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды, оның ішінде Қордың ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
20-2) ақпараттық активтермен жұмыс істеу кезінде барлық күдікті жағдайлар мен бұзушылықтар туралы Қордың киберқауіпсіздік бөлімшесін (электрондық поштаны, жедел хабарлар қызметін және өзге де сервистерді пайдалана отырып) хабардар ету;».
2. 13-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:
«4-1) ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтамау, оның ішінде Қордың ақпараттық қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін ішкі құжаттарының талаптарын орындамау;».